

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Қидан жазуы – Алтай тілдер тобының моңғол тармағына жататын қидан тілін жазу үшін қолданылған, жойылып кеткен жазба. Қидан тілінің екі функционалды тәуелсіз жазу жүйесі болды – үлкен және кіші Қ.ж. Қ.ж. негізінен эпитафтар, стелалардағы жазулар, монеталар және т.б. түрінде сақталған, дегенмен кейде басқа ескерткіштер де кездеседі. Үлкен Қ.ж. б.з. д. 920 жылы Ляо қидан империясының негізін қалаушы император Абаоцзи жаңа Қидан мемлекетінің шежіресін жүргізу үшін енгізген. Жазу салыстырмалы түрде қарапайым болып саналған, иероглифтер жоғарыдан төмен қарай сызықтық түрде жазылған және өлшемі бірдей болған. Дегенмен үлкен жазу негізінен логограммалардан тұрса да, грамматикалық элементтерді жазу үшін идеографиялық және буындық белгілер қолданылуы мүмкін болған. Үлкен қидан жазуының қытай жазуына ұқсас бірқатар белгілері бар болғанына және бірнеше таңбалар қытай тілінен өзгеріссіз алынғанына қарамастан, үлкен жазу таңбаларының көпшілігі қытай иероглифтерімен тікелей байланысты емес.

Қонармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл. Мыс., орыс тілі, араб тілі.

Қос акут (◌̣) (ағылш. «double acute») – латын графикасына негізделген тілдерде кей әріптердің үстінен қойылатын, әріпүсті диакритикалық таңбасы. Әдетте қандай да бір әріпке диакритикалық үстемелер оған дыбыстық мазмұн қосу үшін қойылатыны белгілі. Қ.а. диакритикасы әліпбилер тәжірибесінде жиі кездеспейді. Десек те, А' а', Е' е', Г' г', М' м', Ў' ў, Ы' ы таңбалары әртүрлі қолданыста кезігеді. Қ.а. әсіресе сыңар акут таңбаларымен қатар Венгер әліпбиінен (á, é, í, ó, ő, ő, ú, ü, ű) орын алған әріп болғандықтан, оны Венгер умляуты деп те атайды.

Қос ноқат – қос нүкте, бәшелеу белгісі. Қазіргі кезде *қос ноқат* деген атаудың орнына *қос нүкте* деген атау қолданылады.

Қос нүкте – қос ноқат, бәшелеу белгісі: 1) алдыңғы сөйлемдегі пікірді, кейінгі сөйлем ыдыратып (сиретіп, ұсақтап, сұйылтып) сөйлейтін орындарда қойылатын (Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетін киіз үй, қыс кіретін там үй); 2) келтірінді сөйлемнің алдына қойылатын (*Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: Мақтаулы бар ғой анпаз әрбір тұста, Солардың бәрі-дағы әдемі әнге Тауықтың айғырындай емес ұста*) белгі. Қазіргі кезде *қос ноқат* деген атаудың орнына *қос нүкте* деген атау қолданылады.

Қосарлы дауыссыздар – 1. Сөз ішінде бір дауыссыз дыбыстың қайталанып келуі. Кейбір кірме сөздердің түбір морфемаларындағы ұяң, үнді қосар дауыссыздардың бір сыңары әдетте басқа ұяң дыбысқа ауысып (*үммәт — үмбет, һамма — әмбе*) немесе мүлде түсіп қалады (*махаббат — махабат, ләззат — ләзат*). Бір дауыссыз дыбыстың түбір сөзде қосарланып келуі казак тілінде сирек құбылыс. Мыс., *ашшы* (ашы), *тұшышы* (тұщы), *қатты*, *тәтті*. 2. Созылыңқы дауыссыздар. Айтылуында созылыңқылық байқалатын дауыссыз дыбыстар. Қ.д. жалпы тіл білімінде «гемината» деп аталады.